

Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысының Ақтөбе қалалық мәслихатының 2010 жылғы 28 шілдедегі № 265 шешімі. Ақтөбе облысы Ақтөбе қаласының Әділет басқармасында 2010 жылғы 7 қыркүйекте № 3-1-140 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 247 шешімімен

Ескеरту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 12.12.2017 № 247 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 Заңының 6 және 7 баптарына, "Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 Заңының 97 бабының 2 тармағына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі № 512 қаулысымен бекітілген, әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің Ережесінің 3 тармағының және "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы № 2314 қаулысының негізінде, Ақтөбе қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТИ:**

1. Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларына (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау Ережесі қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Ақтөбе қаласының тұрғындарына коммуналдық қызметтерді тұтынғаны үшін және телефонға абоненттік ақы тарифтерінің өсуіне байланысты шығындарды өтеуге арналған тұрғын үй көмегін беру Ережесін бекіту туралы" Ақтөбе қалалық мәслихатының кезектен тыс он тоғызыншы сессиясының 2009 жылғы 27 қазандағы № 202 (құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеуге алу тізбесінде 2009 жылғы 15 желтоқсанда № 3-1-123 болып тіркелген, 2009 жылғы 15 желтоқсанда № 151-152, № 150-151 "Ақтөбе" және "Актюбинский вестник" газеттерінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім ресми жарияланған алғашқы күннен соң он күнтізбелік күн еткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе қаласында аз қамтамасыз етілген отбасыларға (азаматтарға) тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшерін және тәртібін айқындау ЕРЕЖЕСІ

Ескерту. Қосымша жаңа редакцияда - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 2012.09.29 № 67 (алғаш ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

1. Жалпы ережелер

Осы ереже Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 14 сәуірдегі "Әлеуметтік тұрғыдан қорғалатын азаматтарға телекоммуникация қызметтерін көрсеткені үшін абоненттік төлемақы тарифінің көтерілуіне өтемақы төлеудің кейбір мәселелері туралы" № 512 Қаулысына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы "Тұрғын үй көмегін көрсету ережесін бекіту туралы" № 2314 Қаулысына, Қазақстан Республикасы құрылышы және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі Терағасының 2011 жылғы 05 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу қағидасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес әзірленді және тұрғын үй көмегін көрсетудің мөлшері мен тәртібін айқындайды.

1. Осы Ережеде мынадай түсініктер пайдаланылады:

1) тұрғын үй көмегі – келесі шығыстар сомасын төлеуге шығындарды ішінара етеу үшін аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) берілетін көмек:

тұрғын үйдің меншік иелері немесе жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын коммуналдық қызметтерді және байланыс қызметтерін тұтынған;

жекешелендірілген тұрғынжайларда тұратын немесе мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үй - жайларды (пәтерлерді) жалдаушылар (қосымша жалдаушылар) болып табылатын отбасыларға (азаматтарға) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстарына;

жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органдар жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына.

2) кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстар - үй - жайлардың (пәтерлердің) меншік иелерінің жалпы жиналысының шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін пайдалануға және жөндеуге, жер участесін күтіп - ұстауға, коммуналдық қызметтерді тұтынуды есептеудің үйге ортақ аспаптарын сатып алуға, орнатуға, пайдалануға және салыстырып тексеруге, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға тұтынылған коммуналдық қызметтерді төлеуге жұмсалатын шығыстарға жалпы жиналыстың шешімімен белгіленген ай сайынғы жарналар арқылы төленетін үй - жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері шығыстарының міндettі сомасы, сондай - ақ болашақта кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін немесе оның жекеленген тұрлерін күрделі жөндеуге ақша жинақтауға жұмсалатын жарналар;

3) телефон үшін абоненттік төлемақы тарифтері өсуінің өтемақысы – 2004 жылдың қыркүйегінде қолданыста болған абоненттік төлемақы мен қолданыстағы абоненттік төлемақы арасындағы айырмашылықты белгілейтін және телефонға абоненттік төлемақы тарифтерінің өсуінің шығындарын өтеуге арналған тұрғын үй көмегінің құрамына кіретін ақшалай өтемақы;

4) өтініш иесі (жеке тұлға) – жеке өзінің немесе отбасының атынан тұрғын үй көмегін тағайындау үшін жолыққан адам;

5) отбасының жиынтық табысы – тұрғын үй көмегін тағайындауға өтініш білдірілген тоқсанның алдындағы тоқсанда отбасы алған кірістердің жалпы сомасы;

6) уәкілдегі орган – тұрғын үй көмегін тағайындауды жүзеге асыратын "Қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

Ескерту. 1 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 190 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2015 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күннен соң құнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

2. Тұрғын үй көмегі Ақтөбе қаласында тұрақты тұратын және тіркелген аз қамтылған отбасыларға (азаматтарға) беріледі.

Тұрғын үй көмегі егер отбасының коммуналдық қызметтерді (орталықтандырылған жылыту және жеке газбен жылыту, ыстық, суық сумен жабдықтау, кәріз, тамақ дайындағаны үшін газға, электрмен жабдықтау, қоқыс шығару) шығыстары, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органдар жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы, тұрғын үй алаңының белгіленген

нормасының шегінде өтемақылық шаралармен қамтамасыз етілетін, бірақ іс жүзінде алып отырған ауданнан және коммуналдық қызметтерді тұтыну нормативтерінен көп емес шығыстар, телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғауы бөлігінде байланыс қызметтері үшін шығыстары осы мақсаттарға шекті үлесінен асқан жағдайда беріледі.

Коммуналдық қызметтерді тұтынғаны және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстаяға ақы төлеуге, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органдар жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысына және телекоммуникация желісіне қосылған телефон үшін абоненттік ақының ұлғауы бөлігіндегі байланыс қызметіне шекті жол берілетін шығыстар үлесі отбасының жиынтық кірісінің 10 пайзызы мөлшерінде белгіленеді.

Ескерту. 2 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 190 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2015 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күннен соң құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

3. Тұрғын үй көмегі тұрғын үй иесіне, жалдаушыға (жалға берушіге) есептелген сомамен салыстыру бойынша коммуналдық қызметтерді (орталық жылышты және жеке газбен жылышты, ыстық-суық сумен жабдықтау, канализация, тамақ дайындағаны үшін газды) тұтынғаны және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстаяға жұмсалатын шығыстарының және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органдар жалға алған, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы шығындарының, байланыс қызметіне телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғауы бөлігіне шығындарының орнын толтыру үшін, азайту ретінде қолма-қол емес тұрде беріледі. Белгіленген нормадан артық коммуналдық қызметті және байланыс қызметін тұтынғаны, тұрғын үйді (тұрғын ғимаратты) күтіп-ұстаяға арналған шығыстарды және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысын төлеу жалпы негізде жүргізіледі.

Ескерту. 3 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 190 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2015 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күннен соң құнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

4. Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін жылышты және күтіп - ұстая шығыстары, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы жөніндегі әлеуметтік норманы есептеу кезінде барлық меншік тұріндегі тұрғын жайлардағы тұрғын үй алаңының бір адамға 18 ш.м. (жалғыз тұратын азаматтар үшін 30 ш. м.), бірақ тұрғын жайдың іс жүзінде алып отырған пайдалы алаңынан көп емес пайдалы алаңының әлеуметтік нормасы қолданылады.

Ескерту. 4 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 10.06.2015 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күннен соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

5. Коммуналдық қызметтерді есептейтін құралдары бар тұтынушылардың өлеуметтік нормасын есептеу кезінде есептегіштер көрсеткіштеріндегі нақты шығындар, бірақ белгіленген тарифтер мен нормативтерден артық емес қолданылады.

6. Тұрғын үй көмегін алушылар өзінің тұрғын жайының меншік түрінің, отбасы құрамындағы және оның жиынтық табысындағы кез-келген өзгерістер, көмекті дұрыс есептемеген жағдайлар туралы уәкілетті органға 10 күн ішінде ақпарат береді.

7. Тұрғын үй көмегі түрінде алғынған заңсыз сома заңда белгіленген тәртіппен бюджетке қайтарылады.

2. Тұрғын үй көмегін тағайындау

8. Тұрғын үй көмегін тағайындау оны алу үшін жолыққан күннен бастап ағымдағы тоқсанның аяғына дейінгі мерзімде жүргізіледі. Жолығу айы деп қоса берілетін құжаттармен бірге өтініш тапсырған ай есептелінеді.

9. Тұрғын үй көмегі отбасы құрамы, іс жүзінде тұрғын жайдың алып отырған пайдалы ауданының көлемі, отбасының жиынтық кірісі, коммуналдық қызметтерді (орталық жылдыту және жеке газбен жылдыту, ыстық-суық сумен жабдықтау, канализация, тамақ дайындағаны үшін газды, электрмен жабдықтау, қоқыс жинау) және телефон үшін абоненттік төлемақының ұлғаюы бөлігіне, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстаяға жұмсалатын шығыстарына шығындарына және жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы органдар жалға алған, тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы шығындары көрсетілетін меншік иесінің, жалдаушының (жалға алушының) өтініші негізінде тағайындалады.

Ескерту. 9 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 190 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2015 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күннен соң күнтізбелік он күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

10. Азаматтардың табысы жөніндегі мәліметтерді тізімдер немесе электронды тасығыштардағы ақпараттар түріндегі тиісті төлемдерді есептеуді және аударуды жүргізетін қалалық қызметтер, бөлімдер, ұйымдар тоқсан басында бір рет растайды.

11. Тұрғын үй көмегін алуға жолыққан отбасының (азаматтың) жиынтық кірісін есептеу Қазақстан Республикасы Құрылыш және тұрғын үй-коммуналдық

шаруашылық істері Агенттігінің 2011 жылғы 5 желтоқсандағы № 471 "Тұрғын үй көмегін алуға, сондай-ақ мемлекеттік тұрғын үй қорынан тұрғын үйді немесе жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалдаған тұрғын үйді алуға үміткер отбасының (азаматтың) жиынтық табысын есептеу Қағидасын бекіту туралы" бұйрығына сәйкес жүргізіледі.

12. Коммуналдық қызметтерге және байланыс қызметіне тарифтер, жалдау ақысының мөлшері өзгерген жағдайда бұрын тағайындалған тұрғын үй көмегіне ағымдағы тоқсанда қайта есептеу жүргізіледі.

13. Тұрғын үй көмегінің мөлшері өтемақы шараларымен қамтамасыз етілетін нормалар шегіндегі коммуналдық қызметтерді тұтынғаны үшін, телефон үшін абоненттік төлемақының өсуі бөлігіндегі байланыс қызметтері, кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп - ұстауға жұмсалатын шығыстары, жеке тұрғын үй қорынан жергілікті атқарушы орган жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы үшін меншік иесінің, жалға алушының (жалдаушының) төлемақы сомасы мен сол отбасының осы мақсаттарға шығындарының шекті мүмкін деңгейі арасындағы айырмашылық ретінде есептеледі және іс жүзіндегі шығындар сомасынан артық болуы мүмкін емес.

Ескерту. 13 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 190 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі); 10.06.2015 № 337 (алғашқы ресми жарияланған күннен соң күнтізбелік он күн откеннен кейін қолданысқа енгізіледі) шешімдерімен.

14. Берілген өтініш және оған қоса берілген құжаттарды қарау нәтижелері бойынша екі данада келісім-шарт жасалынады, оның біреуі меншік иесінде, жалға алушыда (жалдаушыда), ал екіншісі – уәкілетті органда сақталынады.

15. Аталған келісім-шарт тұрғын үй көмегін ұсыну үшін негіз болады. Уәкілетті органнан келісім-шарты алғаннан кейін меншік иесінде, жалға алушыда (жалдаушыда) коммуналдық қызметтерді жеткізушілерге он күндік мерзімде деректер базасына енгізу үшін ұсыну қажет.

16. Ақпаратқа сенімсіздік туындаған жағдайда уәкілетті орган:

- 1) өтініш иесінің тұрғын үй жағдайына тексеру жүргізеді;
- 2) тиісті ұйымдардан кірістер туралы ақпарат сұратады;
- 3) кірістерді жасыру фактілерін тексеру жөнінде салық қызметіне жолығады;
- 4) тұрғын үй көмегін мақсатты пайдалану туралы тұрғын үй инспекциясына сұраныс жасайды.

3. Қаржыландыру көздері

17. Тұрғын үй көмегін төлеуді қаржыландыру республикалық және жергілікті бюджет қаржысы есебінен жүзеге асырылады.

18. Тұрғын үй көмегін төлеу уәкілетті органмен тұрғын үй көмегін алушының өтініші бойынша тұрғын үй көмегін алушының, қызмет көрсетушілердің, кондоминиум объектілерін басқару органдарының жеке шоттарына екінші деңгейдегі банктер арқылы жүзеге асырылады.

Телефон үшін абоненттік төлемақы, жергілікті атқарушы орган жеке тұрғын үй қорынан жалға алған тұрғын үйді пайдаланғаны үшін жалдау ақысы тарифтерінің өсуіне өтемақы төлеу алушының таңдауы бойынша, жеке шот реквизиттерін көрсете отырып, ол таңдаған екінші деңгейдегі банктің немесе оның өтініші негізінде банк операцияларының тиісті тұріне ҚР Ұлттық банкісінің лицензиясы бар ұйымдарда жүзеге асырылады.

Ескерту. 18 тармаққа өзгерістер енгізілді - Ақтөбе облысы Ақтөбе қалалық мәслихатының 20.12.2013 № 190 (01.01.2014 бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

19. Тұрғын үй көмегін төлеуге арналған бюджеттік қаражаттың есептелуі мен шығыстарының дұрыстығын тексеру заңнамамен белгіленген тәртіпте жүргізіледі.